



ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 18 (9431) Жұма, 8 мамыр 2026 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

**Қадірлі жерлестер!
Құрметті Отан қорғаушылар!**

Баршаңызды 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Бұл – ел тыныштығы мен мемлекет қауіпсіздігін сақтауды қасиетті борыш санаған ер азаматтардың мерейлі мерекесі. Бүгінде Отан алдындағы жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген әскери қызметшілер мен сала ардагерлері елдің қорғаныс қабілетін нығайтып, Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдеуге зор үлес қосып келеді. Олардың қажырлы қызметі, батылдығы мен антқа адалдығы – кейінгі ұрпаққа өнеге.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Әскер – ел тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің сенімді тірегі. Сондықтан мемлекет әскери саланы дамытуға және әскери қызметшілерді қолдауға әрдайым ерекше көңіл бөледі», – деп атап өткен болатын. Расында, бүгінгі таңда еліміздің Қарулы Күштері кәсіби тұрғыда нығайып, заманауи талаптарға сай дамып келеді. Бұл – ел қауіпсіздігі мен халық тыныштығының басты кепілі.

Қазақ жауынгерінің қайсар рухы мен елге деген адалдығы қашанда биік. Туған жердің тыныштығын күзету, ел амандығын сақтау – үлкен жауапкершілік әрі мәртебелі міндет. Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген барлық азаматтарға айрықша алғыс білдіреміз.

Айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге толағай табыс тілеймін! Еліміз тыныш, көк туымыз әрдайым биікте желбірей берсін!

Ұлттық әскеріміздің айбыны арта берсін!

**Ізгі ниетпен: Жарма ауданының әкімі Нұрлан Борсықбаев,
аудандық мәслихат төрағасы Мейірхан Оспанбаев.**

**Құрметті аудан тұрғындары!
Қадірлі ардагерлер мен тыл еңбеккерлері!**

Баршаңызды жасампаз ерліктің мерекесі – Ұлы Жеңістің 81 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сұрапыл соғыстың соқпағынан өтіп, жанған от пен жауған оқтың ортасына түсіп, кең-байтақ жерді қорғадыңыздар. Ерліктің ерен үлгісін танытып, бүгінгі бейбіт күн үшін жасаған өлшеусіз ерліктеріңіз мәңгі ұмытылмайды. Бұл Жеңіс – бүкіл соғысқа қатысушылар және тыл еңбеккерлерінің қажымас қайраты мен қайсар рухының жеңісі.

Отан соғысының оқ боран даласында ерлігі мен батырлығын көрсеткен Жарма ауданының 11 мыңға жуық азаматы Жеңісті жақындатуға аянбай үлес қосты. Сол бір ел басына күн туған жылдары Отан үшін отқа түсіп, кеуделерін оққа тосқан жерлестеріміздің есімдері мен ерліктері ешқашан ұмытылмайды.

Біз бүгін аттары аңызға айналып, халқының сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген басқа да батырларымыздың есімдерін мақтанышпен еске аламыз. Біз оларды әрдайым ардақтап, мақтан тұтамыз.

Құрметті ардагерлер!

Сіздердің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өшпес ерліктеріңіз және бейбіт еңбектегі қалдырған іздеріңіз әрқашанда бізге өнеге. Уақыт алға жылжыған сайын бұл ерліктің шоқтығы биіктеп, бағасы артуда, мәні мейлінше тереңдеп, даралана түсуде. Бүгінгі ұрпақ оны одан әрі жалғастырып, тәуелсіз Қазақстанымыздың өсіп-өркендеуіне зор үлесін қоса береді.

Ерлікке толы тарихи күнде баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілейміз!

**Жарма ауданының әкімі Нұрлан Борсықбаев,
аудандық мәслихат төрағасы Мейірхан Оспанбаев.**

Секен Тұрысбековтің күмбірлеген күй кеші

Өткен апта жексенбі күні Қалбатау ауылының Мәдениет сарайында қазақ күй өнерінің майталманы, Қазақстанның халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Секен Тұрысбековтің 65 жас мерейтойлық шығармашылық кеші өтті. Шығармашылық кешті аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев және өңірдің өнерсүйер көпшілік қауымы тамашалады.

Құлақ құрышын қандырар күмбірлеген күй әуелеген кеш барысында сазгердің көпшілікке танымал таңдаулы күйлері орындалып, көрермен рухани азық аркалап қайтты.

«Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрінің сүйемелдеуіндегі жаныңызды баурап алатын күй үні, қобыз, саз сырнай, жетіген, сыбызғыда жеке орындауындағы өнер иелерінің таланты тамсандырып, ұлттық болмысымызды тереңнен таныта түсті. Оркестр мен күйші арасындағы жүрекке жылы байланыс, әдемі әзілімен, ойлы да терең сөздерімен баурап алған мерейтой несінің қазақ поэзиясын қанағтана оқуы да тыңдармандарын тебірткені сөзсіз.

Қазақтың күй өнері – халқымыздың рухани болмысы мен мәдениетінің биік тұғыры, сарқылмас асыл қазынасы. Қос ішекті домбыраны кие тұтып, шанағынан небір туындыны төгілдірген кешегі Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Динадан жеткен кәсірлі ұлт мұрасын жалғаушы Секен Тұрысбеков – ерекше дарын иесі. Секен Кәрімұлының «Көңіл толқыны», «Балауса», «Дарабоз», «Ақ жауын», «Тарбағатай», «Аққу сазы», «Ерке құсым», «Көктемім менің», «Қоңыр қаз» секілді ән-күйлері халықтың жүрегінен орын тауып, ұлт руханиятын кемелдендіре түсті. Еліміздің дарынды перзенті дәулескер күйшінің шалқар шабытынан туған шығармалары бойға рух беріп, жүректі тербеді.

Шығармашылық кеш соңында аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев мерейтой несінің иығына шапан жауып, Алғыс хат табыс етті. Өңірдегі өнердің жанашыр - жайсаң ағаларының бірі Аманжол Даутов сазгер-күйші Секен Кәрімұлына жармалықтар атынан ризашылығын білдіріп, иығына шапан жауып, астына сәйгүлік мінгізіп, құрмет көрсетті.

Кәусар Арықханқызы.



 **Kaspi QR**

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Қалба тынысы» газеті
Газета «Қалба тынысы»

"ЕРЕСІМІ - ЕЛЕСІНДЕ"

АРДАГЕРЛЕРДІ ӘРҚАШАН АРДАҚТАЙМЫЗ!

Жеңіс күні мен Отан қорғаушылар күні қарсаңында өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі ретінде, патриоттық рухты және Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында аға буынның дүниежүзілік соғыстар мен жергілікті қақтығыстардағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуы туралы әңгімелеудің маңызы ерекше.

Жарма аудандық ішкі істер бөлімінің 10-нан астам қызметкері Ұлы Отан соғысының майдан жолдарынан өтті. Ерлік пен батырлық танытып, фашизмді жеңген олар бейбіт өмірге оралып, адамдардың тыныштығын күзету үшін ішкі істер органдары қызметкерінің қиын мамандығын таңдады. Соғыстан кейінгі жылдары елде ашаршылық пен қираушылық белең алып, оны қылмыстық элементтер өз мүддесіне пайдаланды: олар жергілікті тұрғындарды тонау және зорлық-зомбылық көрсету үшін бандылар мен топтар құрып, криминогендік жағдайды ұшықтырды.

Соғыста шындалған майдангерлер қоғамды бұзақылар мен қарақшылардан тазарту, бейбіт азаматтарды қорғау идеясын ту етіп, өз еріктерімен милиция қызметіне орналасты. Тұрмыстық жағдайдың, көлік пен арнайы техниканың жоқтығына, көбіне аш-жалаңаш жүргендеріне қарамастан, олар қылмыскерлерді әшкерелеу, іздестіру және залалсыздандыру жұмыстарында батылдық пен сабырлық танытты. Олар «атышулы» және күрделі істерді ашып, профилактикалық жұмыстарды белсенді жүргізіп, заңның әділдігі мен жазаның міндетті түрде орындалатынын дәлелдеді. Бұл жерде атакты Г.Е. Жегловтың «Ұры түрмеде отыруы керек» деген сөзі орынды-ақ. Өздерінің іс-әрекеттері арқылы олар халық арасында беделге, құрметке және қолдауға ие болды. Біз Жарма милициясының ардагерлерін — майдангерлерді, орден иелерін мақтанышпен атай аламыз.

Жарма ауданының ішкі істер органдарында қызмет еткен майдангерлердің тізімі:

Жарма милициясының ардагерлері — майдангерлер мен орден иелері:

УРАЗАЛИН МАУТҚАН (1907 ж.т., ШҚО тумасы). Жарма және Шар аудандық ішкі істер бөлімдерінде 1925–1931 жж. және 1934–1942 жж. қызмет етті. Шар аудандық НКВД бөлімінің бастығының орынбасары болды. Екі рет «Қызыл Ту» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған.

ИСКАКОВ МҮБАРӘК (1910 ж.т., Семей облысының тумасы). 1956–1962 жж. Жарма аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары болып қызмет етті. ҰОС кезінде (1941–1944 жж.) «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

ЖҰМАДІЛХАНОВ ӘНЕШ (1915 ж.т., Жарма ауданы, Жаңа-Жұрт ауылының тумасы). 1966–1977 жж. Жарма аудандық ішкі істер бөлімінде тергеуші және учаскелік инспектор болды. ҰОС кезінде (1943–1945 жж.) II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

ТҮСПЕКОВ СЛӘМҒАЛИ (1919 ж.т., Жарма станциясының тумасы). 1946–1956 жж. Жарма және Көкпекті аудандық ішкі істер бөлімдерінде учаскелік уәкіл болды. ҰОС кезінде (1941–1945 жж.) III дәрежелі «Данқ», «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

НОВАК ИВАН НИКИТОВИЧ (1922 ж.т., Жарма ауданы, Андреевка ауылының тумасы). 1949–1979 жж. Жарма аудандық ішкі істер бөлімінде қылмыстық іздестіру және мемлекеттік өрт қадағалау бөлімінде қызмет етті. ҰОС кезінде (1941–1945 жж.) «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

КАМБЕТОВ ҚАДЫЛБЕК (1922 ж.т., Жаңа-Семей ауданының тумасы). 1958–1970 жж. ішкі істер бөлімінде қызмет етіп, Жарма аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары лауазымына дейін жетті. ҰОС кезінде (1941–1945 жж.) «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

РЕЗНИКОВ НИКОЛАЙ ФЕДОРОВИЧ (1924 ж.т., Талдықорған облысының тумасы). 1964 жылдан бастап ішкі істер органдарында түрлі лауазымдарда қызмет етті, 1970–1978 жж. Жарма және Аягөз аудандық ішкі істер бөлімдерін басқарды. ҰОС кезінде (1942–1944 жж.) жараланған, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

СҰЛТАНОВ ҒАЗИЗ СЛАМХАНҰЛЫ (1924 ж.т., Жарма ауданы, Капанбұлақ ауылының тумасы). 1972–1977 жж. ішкі істер органдарында, 1977–1989 жж. Қазақ КСР Ішкі істер министрінің орынбасары қызметін атқарды, милиция



генерал-майоры. ҰОС кезінде (1942–1944 жж.) жараланған, мүгедек. II және III дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған.

ЖАҚЫПОВ БАЗЫ (1925 ж.т., Ақсуат ауданының тумасы). 1950–1972 жж. Жарма аудандық ішкі істер бөлімінде БХСС (социалистік меншікті ұрлаумен күрес) және қылмыстық іздестіру бөлімінде қызмет етті. ҰОС кезінде (1943–1945 жж.) II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

ЖАНҒӨБЕК СҰЛТАН ІЛІЯСҰЛЫ (1925 ж.т., Жарма ауданы, Малай ауылының тумасы). 1948–1980 жж. ішкі істер органдарында түрлі қызметтер атқарды. Талдықорған облыстық ішкі істер басқармасының паспорт бөлімін басқарды. ҰОС кезінде (1943–1945 жж.) II және III дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

ТЕНІЗОВ РАЙХАН ЕЖЕНҰЛЫ (1925 ж.т., Жарма ауданы, 8 наурыз ауылының тумасы). 1951–1973 жж. Шар станциясындағы желілік милиция бөлімшесінде және Семей қ. ІІМ желілік ішкі істер бөлімінде қызмет етті. ҰОС кезінде (1943–1945 жж.) «Жауынгерлік ерлігі үшін» және «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

КҮРЕНТАЕВ БАЗАР АҚШЫНҰЛЫ (1926 ж.т., Жарма ауданы, Ақжал кентінің тумасы). 1953–1978 жж. Шар аудандық ішкі істер бөлімінде қызмет етті, Аягөз аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары болды. ҰОС кезінде (1943–1945 жж.) «Отан соғысы» орденімен және екі рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

РАХИМЖАНОВ КҮНАПИЯ (1924 ж.т., Шар ауданының тумасы). 1952–1978

жж. қылмыстық іздестіру инспекторы және Шар станциясындағы желілік милиция бөлімшесінің бастығы болды. ҰОС кезінде (1942–1945 жж.) «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған.

МҰСТАФИН ОМАРБЕК (1926 ж.т., Шар ауданы, Суықбұлақ станциясының тумасы). 1952–1976 жж. Шар, Жаңғызтөбе станцияларындағы желілік ішкі істер бөлімінде қызмет етті. ҰОС кезінде (1944–1945 жж.) «Берлинді алғаны үшін» және «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Әрине, бүгінде арамызда майдангер-қызметкерлердің ешқайсысы қалма-са да, олардың ерлігі, істеген істері мен жетістіктері келесі ұрпақтардың жадында мәңгі сақтаулы. Олардың есімдері Жарма аудандық ішкі істер бөлімінің музейі мен көрнекі экспозицияларында жаңғырып тұр. Олардың ерлігіне кейінгі толқын қызметкерлер үлгі тұтып, қылмыстарды ашу немесе тергеу кезіндегі олардың әдіс-тәсілдері өнеге ретінде көрсетіліп, аңызға айналды.

80-жылдары халықаралық жағдай шиеленісе түсті. Орталық Азия, Таяу Шығыс және Кавказ елдерінде ислам фундаментализмі мен надандықтың қайта жандануы, зайырлы қағидаттардан алыстау және ғылыми прогресс жетістіктерінің ролін төмендету үрдістері байқалды. Орталық билік шешпеген аумақтық шекараларды бөлу мәселелері бойынша шекаралас аймақтарда қақтығыстар орын алды.

Ауғанстанда азаматтық соғыс өршіп, онда КСРО қарулы күштері енгізілді. Онда түрлі топтардағы моджахедтермен қарулы қақтығыстар болды. КСРО Үкіметінің шешімімен Қазақстаннан Ауғанстанға 22

мыңнан астам әскери қызметші жіберілді. 10 жыл ішінде Қазақстаннан барған 900-ден астам жауынгер қаза тапты, олардың ішінде біздің Жарма ауданынан екі жауынгер — М.Қ. Саяқов пен М.З. Оспанов бар. 1000-нан астам адам жараланып, мүгедек болды. Ауған соғысының ортнен біздің жерлестеріміз Жаныбеков Мұратқан Манапұлы, Аханов Ерлан Советбекұлы және Сылдырбаев Ербол Сүлейменұлы да өтті. Олардың әрқайсысы өмірін қатерге тіге отырып, Отан алдындағы борышын абыроймен атқарды, жауынгерлік операцияларға қатысып мемлекеттік наградалары ие болды.

Отанға оралғаннан кейін олар Жарма аудандық ішкі істер бөлімінде түрлі лауазымдарда қызмет етіп, жедел-қызметтік жұмыстарда және стратегиялық нысандарды қорғауда жоғары нәтижелер көрсетті, алғыс хаттар мен марапаттарға ие болды. Қазіргі таңда еңбек демалысына шыққан олар жас ұрпақты тәрбиелеуге арналған қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан секілді Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері өз шекараларын қорғау үшін жеке қарулы күштерін құра бастады. Ал Ауғанстан мен Пәкістан елдерінде заңсыз құрылымдар айтарлықтай көбейіп, Орталық Азия елдеріне қауіп төндірді. Алайда, бұл республикалардың шағын әскери бөлімдері бандылық құрылымдардан, шетелдік жалдамалылардан, есірткі трафиғі мен террористік топтардың енуінен қауіпсіздікті толық қамтамасыз ете алмады. КСРО ыдырағаннан кейін құрылған ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) тәуелсіз Тәжікстанға төнген қауіпті көріп, 1993 жылдың қаңтарында тәжік-ауған шекарасын бірлесіп қорғау туралы келісімге қол қойды. Осы шешімді орындай отырып, Қазақстан ТМД-ның ұжымдық бітімгершілік күштерінің құрамында шекараны қорғауға өз контингентін жіберді. Бұл контингент 2001 жылға дейін сол жерде болды. Осы кезеңде шекарашылар шекара бұзушыларды бірнеше рет тоқтатып, моджахедтермен атыстар мен шайқастар болды. Бұл текетіретерде біздің жауынгерлер тәжік шекарашыларымен бірге ерлікпен шайқасқа кіріп, шабуылдарды тойтарды. Өкінішке қарай, қазақстандық контингенттің жеке құрамы арасында да қаза болғандар болды.

Осы оқиғалардың бірі: 1995 жылдың сәуір айында Ауғанстаннан Тәжікстанға занды Үкіметті құлату, террорлық әрекеттер жасау және есірткі трафиғін өткізу мақсатында бандылық құрылымдардың жиналып жатқаны туралы ақпарат келіп түсті, бұған қоса қарулы тәжік оппозициясы да бас көтерген еді. Жедел түрде ҚР ІІМ Ішкі әскерлерінің «Қазбат» жеке жинақталған атқыштар батальоны құрылды. 1995 жылғы 7 сәуірде тәжік-ауған шекарасына қарай, Пяндж өзенінің бойымен, Дарваздың Пшихарв шатқылы арқылы өтіп бара жатқан ОССБ колоннасы Ауғанстанмен шекаралас жерде заңсыз топтың кенеттен қарулы шабуылына ұшырады. Жеке құрам шабуылды тойтару үшін шайқасқа кірді. Осы шайқаста ерлік пен батырлық танытқан Қазақстанның 17 жауынгері қаза тапты. Солдырлар тоқтатылып, кейін шегіндірілді. Қаза болғандардың арасында жерлесіміз, Шар қаласының тұрғыны В.М. Мартыненко да болды. Бұл шайқасқа жинақталған батальон құрамында жерлесіміз — Шар қаласының тумасы Валерий Иванович Самохвалов та қатысып, шайқас барысында жараланған болатын. Көрсеткен ерлігі үшін қаза болған әскери қызметшілер ҚР Үкіметі атынан қайтыс болғаннан кейін марапатталды. 7 сәуір күні тәжік-ауған шекарасында қаза



басы 2 - бетте



тапқан барлық жауынгерлерді еске алу және қайғыру күні ретінде атап өтіледі. Жалпы, ТМД ұжымдық бітімгершілік күштерінің тәжік-ауған шекарасында болған уақытында 56 әскери қызметші қаза тапты.

Әскери қызмет аяқталғаннан кейін В.И. Самохвалов Жарма аудандық ішкі істер бөлімінде қызметке орналасты. Әскери қызметте шындалған, аға буынның ерлігімен тәрбиеленген ол зейнетке шыққанға дейін жарғыға сай қызмет атқарып, өзін бастамашыл, сауатты және жауапты маман ретінде көрсете білді. Қызметтегі жетістіктері үшін бірнеше рет мақтау қағаздарымен марапатталды. Сондай-ақ, Жарма аудандық ішкі істер бөлімінде полиция майоры, аға учаскелік инспектор Оспанов Серік Ойранұлы да ауыр қызмет атқаруда, ол да өз қызмет кезеңінде ТМД-ның ұжымдық бітімгершілік күштері құрамында тәжік-ауған шекарасын қорғауға жіберілген болатын. Тәжік-ауған шекарасын қорғауда алған тәжірибесі, сабырлылығы мен ұстамдылығы оған полиция қызметінде де септігін тигізді. Олар тәжірибелі әрі батыл қызметкер, сондықтан оларды құрметтеп, олардан үлгі алады. В.И. Самохвалов пен С.О. Оспановтың екеуі де «соғыс қимылдарына қатысушы» мәртебесіне ие.

80-жылдардың соңында Кавказ өңіріндегі жағдай жазылмас жараға айналды. Бұрын жазғанымыздай, Қарабақ мәселесін КСРО-ның орталық билігі шеше алмады. Кеңес Одағы ыдыраған кезде ұлтаралық қатынастар шиеленісе түсті. 1988 жылы Таулы Қарабақ Автономиялы Облысында (ТҚАО), Армения мен Әзербайжанда стихиялық митингілер басталып, екі республикада да халықтың жаппай қырғынына, құрбандықтарға ұласқан қақтығыстар орын алды. КСРО Үкіметінің шешімімен бітімгершілік мақсатта бұл республикаларға Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің және Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери құрылымдары енгізілді. Олар қарама-қарсы тараптар арасындағы шекара сызығында тұрып, босқындардың автокеруендерін күзетті, таулы аймақтарда заңсыз қарулы топтардың шабуылынан елді мекендер мен әскери бөлімдерді қорғады, митингілер кезінде қоғамдық тәртіпті сақтады, стратегиялық нысандарды күзетті, коменданттық сағаттың сақталуына қамтамасыз етті. Армян-әзербайжан қақтығысы кезінде әскери қызметшілерге шабуыл жасау және оқ ату жағдайлары көп болды, қаза тапқандар да бар. Сумгаит қаласында 140, Кировобадта 138, «Звартноц» әуежайында 45 әскери қызметші жараланды, 2 БТР, 12 автокөлік өртеніп, қирады. Кировобадта 3 адам қаза тауып, 67 адам жараланды, Зака-талыда 1 адам қаза тауып, 7 адам жараланды, Бакуде 14 адам жараланды. Мұндай оқиғалар өте көп болды. 1991 жылдың 20 қарашасында Таулы Қарабақта бітімгершілік миссиясын орындау кезінде ҚР ПМ министрінің орынбасары, полковник С.Д. Серіков, Әзербайжан Қорғаныс министрлігінің бірқатар жоғары лауазымды офицерлері және бейбіт келіссөзге бара жатқан әскери тікұшақтың бүкіл экипажы қаза тапты. Олар мінген тікұшақты армян содырлары атып түсірген болатын. Бұл

— тек бір ғана мысал. 1988-1992 жылдар аралығында 51 әскери қызметші қаза тапты. Қақтығысты реттеуге тек әскери қызметшілер ғана емес, КСРО ПМ оқу орындарының курсанттары да жіберілді. Олардың арасында біздің жерлестеріміз Ж.Т. Жүрсімбаев, Н.Ф. Әділбаев, Ғ.Ж. Смағұлов, Д.Қ. Жампейісов, А.Б. Қасенов, М.С. Раев, Б.Қ. Тәуескенов болды. Таулы Қарабақтағы локальды қақтығысқа қатысушылар ұлтаралық қақтығыс жағдайында Үкімет тапсырмасын үлгілі орындағаны және көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін медальдармен және мақтау қағаздарымен марапатталды. Оқуды аяқтағаннан кейін олардың барлығы туған аудандық ішкі істер бөліміне оралып, қызметтік жолын жалғастырды. Олар аға буын секілді аудандағы қоғамдық тәртіпті сақтауға, құқық бұзушылықтарды ашуға, тергеуге және олардың алдын алуға зор үлес қосты, ішкі істер бөлімшелерінің басшылары болды. Олардың қалыптасуында адамның мінезі мен парасаты шындалатын «ыстық нүктелерге» қатысудың рөлі зор болды. Олар өз кезегінде көптеген кәсіби қызметкерлерді тәрбиелеп шығарды. Қарабақ қақтығысына қатысушылардың барлығы «соғыс қимылдарына қатысушы» мәртебесіне ие. Олар облыстық қоғамдық бірлестіктің мүшелері бола отырып, жастарға патриоттық тәрбие берумен айналысады: мектептер мен жоғары оқу орындарында ашық сабақтар өткізеді, патриоттық тақырыпта дәрістер мен конференциялар ұйымдастырады, әскери комиссариат қызметкерлерімен бірлесіп жастарды әскерге және әскери оқу орындарына баруға үгіттейді, соғыс және еңбек батырларын еске алуға арналған спорттық іс-шаралар өткізеді, ішкі істер органдары қызметкерлерінің мәртебесі мен беделін көтеруге бағытталған жұмыстар атқарады.

Қазіргі таңда әлемдегі қайшылықтардың ушығып, соғыстар мен жергілікті қақтығыстар белең алып тұрған шақта, бүкіл қоғамымызға бірігу мен идеологияны жаңғырту қажет. Соғыс, қарулы қақтығыстар, оның батырлары мен ерліктері жайлы естелік адамдардың жүрегінде мәңгі сақталады. Өйткені тарихи жадсыз болашақ жоқ.

Әкелері мен аға буынның ерлігінен тағылым алып, өмір жолында соғыс пен қарулы қақтығыстардың қиындығы мен тауқыметін өткерген ішкі істер органдарының қызметкерлері — ішкі істер органдары қызметкерінің нағыз үлгісі, Отанға және Антқа адалдықтың айқын мысалы. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев 2020 жылы «Ардагерлер туралы» Заңға қол қойды. Бұл құжатта өзге мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан ҚР әскери қызметшілерінің санаты ерекше атап өтілді. Осылайша, жастығына қарамастан еліміздің Үкіметі жүктеген міндеттерді орындауда батылдық пен ерлік танытқан, бүгінгі жастарға үлгі боларлық жауынгерлерімізге құрмет пен тағзым көрсетілді.

*Талғат Бекқасымов,
Жарма аудандық Ішкі істер
бөлімінің ардагері.*

Ұлы Отан соғысы: деректер не дейді?

Ұлы Отан соғысы 1941 жылы 22 маусымда – фашистік басқыншылар, сондай-ақ олардың одақтастары КСРО аумағына басып кірген күні басталды. Ол төрт жылға созылды және Екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы кезеңі болды. Оған барлығы 34000000-ға жуық кеңес сарбазы қатысты, олардың жартысынан көбі қаза тапты.

Биыл осы қанды қырғын соғысқа 80 жыл.

Ұлы Отан соғысының себептері

Ұлы Отан соғысының басталуының басты себебі Адольф Гитлердің Германияны басқа елдерді басып алып, нәсілдік таза мемлекет құру арқылы әлемдік үстемдікке әкелуге деген ұмтылысы болды. Сондықтан 1939 жылы 1 қыркүйекте Гитлер Польшаға, содан кейін Чехословакияға басып кіріп және барған сайын жаңа аумақтарды жаулап, Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына әкелді. және барған сайын жаңа аумақтарды жаулап алды. Фашистік Германияның жетістіктері мен жеңістеріне

деп шабуылға өтіп, Берлинге қарай жылжиды. Жауды жоюға бағытталған бірнеше кампания жүзеге асырылды. Партизан соғысы басталды, оның барысында жаумен өз бетінше күресуге тырысқан 6200 партизан отряды құрылды. Партизандар қолда бар барлық құралдарды, соның ішінде шокпарлар мен қайнаған суды да қолданды, тосқауылдар мен тұзақтар құрды. Осы уақытта Украинаның оң жағалауы, Берлин үшін шайқастар өтеді. Беларусь, Прибалтийская, Будапешт операциялары жасалып, жүзеге асырылды. Нәтижесінде, 1945 жылы 8 мамырда Германия ресми түрде жеңілгенін мойындады.

Осылайша, Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі іс жүзінде Екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталуы болды. Алайда бұл соғыстағы жеңістің құны өте жоғары болды. Отан үшін күресте миллиондаған адам қаза тауып, қалалар, ауылдар, деревнялар талқандалды. Соңғы тиынға дейін бәрі майданға жіберілді, сондықтан



мастанған Гитлер 1939 жылы 23 тамызда Германия мен КСРО арасындағы шабуыл жасамау туралы келісімді бұзды. Ол қысқа уақыт ішінде Кеңес Одағын басып алуды көздейтін «Барбаросса» атты арнайы операция жасады. Ұлы Отан соғысы осылайша басталды. Ол үш кезеңде өтті.

Ұлы Отан соғысының кезеңдері

1-кезең: 1941 жылғы 22 маусым – 1942 жылғы 18 қараша

Фашист басқыншылары Литва, Латвия, Украина, Эстония, Белоруссия және Молдавияны басып алды. Әскерлер Ленинградты, Дондағы Ростовты және Новгородты басып алу үшін ішке қарай жылжыды, бірақ фашистердің басты мақсаты Мәскеу болды. Бұл уақытта КСРО үлкен шығындарға ұшырады, мыңдаған адамдар тұтқынға түсті. 1941 жылдың 8 қыркүйегінде Ленинградтың 872 күнге созылған әскери блокадасы басталды. Нәтижесінде КСРО әскерлері немістердің шабуылын тоқтата алды. "Барбаросса" жоспарының күлі көкке ұшты.

2-кезең: 1942-1943 жж.

Осы кезеңде КСРО әскери күшін арттыруды жалғастырды, өнеркәсіп пен қорғаныс өсті. Кеңес әскерлерінің керемет күш-жігерінің арқасында майдан шекарасы кейін - батысқа қарай ығыстырылды. Бұл кезеңнің басты оқиғасы тарихтағы ең ұлы Сталинград шайқасы болды (1942 ж. 17 шілде - 1943 ж. 2 ақпан). Немістердің мақсаты - Дон мен Волгодонск мойнағының үлкен иіні - Сталинградты басып алу. Шайқас кезінде жаудың 50-ден астам армиясы, корпусы мен дивизиялары, 2 мыңға жуық танкі, 3 мың ұшағы мен 70 мың автокөлігі жойылды, неміс авиациясы айтарлықтай әлсіреді. КСРО-ның осы шайқастағы жеңісі әрі қарайғы әскери оқиғалардың барысына айтарлықтай әсер етті.

3 - кезең: 1943-1945 жж.

Қызыл Армия қорғаныстан біртін-


халық жоқшылық пен аштықта өмір сүрді. Біз жыл сайын 9 мамырда фашизмді жеңген Ұлы Жеңіс күнін атап өтеміз, біз болашақ ұрпақтарға өмір сыйлаған және жарқын болашақты қамтамасыз еткен сарбаздарымызбен мақтанамыз. Сонымен бірге жеңіс КСРО-ның әлемдік аренадағы ықпалын нығайтып, оны сверхдержаваға айналдыра алды.

Ұлы Отан соғысы (1941-1945) – КСРО кезіндегі ең қорқынышты және қанды соғыс болды. Бұл соғыс екі державаның - КСРО мен Германияның қуатты күші арасында болды. Төрт жылға созылған кескілескен шайқаста КСРО өзінің қарсыласын абыроймен жеңді. Германия одаққа шабуыл бастағанда бүкіл елді тез басып аламын деп үміттенді, бірақ олар кеңес халқының қаншалықты қуатты және күшті екенін күткен жоқ. Бұл соғыс неге әкелді? Өуелі бәрі неден басталғанының бірқатар себептерін талдап көреміз.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия қатты әлсіреп, елде зор дағдарыс болды. Бірақ бұл уақытта Гитлер билікке келіп, көптеген реформалар мен өзгерістер енгізеді, соның арқасында ел өркендей бастайды, ал халық оған сенім артады. Ол билеуші болған кезінен бастап, немістердің әлемдегі ең таңдаулы ұлт екенін халық санасына құятын саясат жүргізе бастайды. Гитлер Бірінші дүниежүзілік соғыс үшін кек алу идеясымен рухтанады, сол жеңіліс үшін бүкіл әлемді өзіне бағындыру туралы ой пайда болады. Ол Чехия мен Польшадан бастайды, ал оның арты кейінірек Екінші дүниежүзілік соғысқа айналады.

Тарих оқулықтарынан 1941 жылға дейін екі ел - Германия мен КСРО-ның шабуыл жасамау туралы келісімге қол қойғанын бәріміз жақсы білеміз. Де-

ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛЫРЕТКЕН МАЙДАНГЕРЛЕР

Елге еңбегі сіңген ер –
Абылқайдар Сүлейменов

Сүлейменов Абылқайдар – ел тарихында өзіндік орны бар, майдан даласында ерлігімен, бейбіт өмірде еңбегімен танылған тұлға. Ол 1923 жылы 20 қарашада қазіргі Абай облысы Жарма ауданына қарасты Кеңесу ауылында дүниеге келген.

1941 жылы ел басына күн туған шақта жас Абылқайдар әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысына аттанады. Ол 17-гвардиялық танк полкінің құрамында жаумен шайқасып, ерлігімен көзге түседі. 1942 жылдың мамыр айында Сталинград майданында Абылқайдар бастаған бір топ жауынгер жау тылына жасырын өтіп, неміс фашистеріне тосыннан соққы береді. Осы батылдығы мен қайсарлығы үшін ол «За отвагу» медалімен және «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған.

Соғыстан кейін елге оралған Абылқайдар Сүлейменов қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, комсомол ұйымының хатшысы қызметін атқарады. Туған ауылы Кеңесудің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып, ел басқару ісінде де іскерлігімен танылады.

1957–1970 жылдары Қараш ауылындағы Б.Алтынсарин атындағы мектепте мұғалім болып еңбек етті. Осы жылдары Семей педагогикалық институтының Н.Крупская атындағы бөлімінде сырттай білім алып, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын меңгерді. Ұстаздық жолында көптеген шәкірт тәрбиелеп, білім мен тәрбиені ұштастыра білген білікті педагог ретінде танылды.

1970 жылы Көшек орта мектебінің директоры болып тағайындалып, оқу ордасының дамуына зор үлес қосты. Оның басшылығымен мектептің материалдық-техникалық базасы нығайтып, білім сапасы артты. Ұзақ жылғы адал еңбегі үшін бірнеше мәрте құрмет грамоталарымен марапатталып, 1982 жылы Қазақ ССР-нің «Оқу ағарту ісінің үздігі» белгісіне ие болды.

Абылқайдар Сүлейменов зейнеткерлікке Көшек орта мектебінен шықты. Оның өмір жолы – елге қызмет етудің, адалдық пен жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Бүгінде ардақты әкенің, асыл атаның ұрпақтары оның рухына тағзым етіп, есімін ұлықтауды парыз санайды. Осы орайда 2026 жылғы 9 мамыр күні Жарма ауданы Көшек ауылында Абылқайдар Сүлейменовті еске алуға арналған ас беріледі.

Ер есімі – ел есінде. Абылқайдар Сүлейменовтің өнегелі өмірі мен жасаған еңбегі кейінгі ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала бермек.

*Сүлейменова Ардақ Абулхайдарқызы, зейнеткер ұстаз
Б.Алтынсарин медаль иегері Алматы қаласы.*

Өз елін шексіз сүйген адам



Ұлы Отан соғысы – тарихтағы ең ауыр кезеңдердің бірі. Сол бір ел басына күн туған шақта қолына қару алып, Отанын қорғауға аттанған ерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Осындай батыр азаматтардың бірі – Ахметов Базархан.

Ахметов Базархан 1916 жылы дүниеге келген. Жастайынан еңбекке араласып, ел тіршілігінің бел ортасында жүріп шыңдалған ол, 1941 жылы 9 тамызда Жарма аудандық әскери комитеті арқылы Қызыл әскер қатарына шақырылды. Елін, жерін қорғауды қасиетті борыш санаған Базархан ата майдан даласында ерлік пен табандылықтың үлгісін көрсетті. Ол Отан үшін от кешіп, сұрапыл соғыстың ауыртпалығын қайсарлықпен көтере білді.

Майдандағы қиын күндер оның рухын жасыта алмады. Керісінше, елге деген сүйіспеншілігін арттырып, жеңіске деген сенімін нығайтты. Оның әрбір қадамы, әрбір ерлігі туған жерге деген адалдықтың айқын көрінісі болды.

Соғыс аяқталғаннан кейін, 1946 жылы Ахметов Базархан туған өлкесіне оралып, Жарма ауданы Қызылағаш ауылындағы (бұрынғы Михайловка) совхозда еңбек етті. Бейбіт өмірде де ол адал еңбектің үлгісін көрсетіп, ел игілігі жолында аянбай тер төкті. Оның қарапайымдылығы, еңбекқорлығы мен адамгершілігі айналасындағыларға үлгі болды.

Ахметов Базархан – тек соғыс ардагері ғана емес, өскелең ұрпаққа өнеге боларлық тұлға. Ол өз өмір жолымен елді сүюдің, Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетті.

Бүгінгі бейбіт өмір – осындай ерлердің жанқиярлығының жемісі. Ахметов Базархан сынды ардагерлердің есімі әрдайым құрметпен аталып, ерлігі ұрпақ жадында мәңгі сақталады.

Мәлімет Абай облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының “Абай облысының мемлекеттік архиві” КММ-сінің Жарма филиалынан алынған.

Абылканова Ардақ Мусағазықызы, архив маманы.

басы 3 - бетте



генмен Гитлер келісімді бұзып, шабуыл жасайды. Немістерде «Барбаросса» жоспары әзірленеді. Онда Германия небәрі 2 айдың ішінде КСРО-ны басып алуы керектігі нақты көрсетілген. Егер оның қолында елдің барлық күші мен қуаты болса, онда ол Америка Құрама Штаттарымен соғысқа қорықпай кірісе аламын деп санады.

Соғыстың жылдам басталғаны соншалық, КСРО оған дайын емес еді, алайда Гитлер өзі күткен нәтижеге қолжеткізе алмады. Біздің армия үлкен қарсылық көрсетті, немістер олардың алдында осындай мықты қарсылас болады деп күткен жоқ еді. Сонымен соғыс ұзақ төрт жылға созылды.

Соғыстың негізгі кезеңдерін жоғарыда атап өттік.

Ал енді бұл соғыстың ең қасіретті сәті. Біздің қазіргі бақытты күніміз үшін қанша адам қаза болды?

Шын мәнінде бұл қорқынышты сандар туралы тарих әлі де аузын ашпайды. КСРО қаза болған адамдар санын ұзақ уақыт жасырып келді. Ал халық болса, қанша адам қаза тауып, қаншамасы тұтқынға түскенін, қаншасы осы күнге дейін із-түзсіз жоғалып кеткенін түсінеді. Алайда уақыт өте келе деректер жарыққа шығуда. Бұл соғыста ресми деректер бойынша 10 млн сарбаз қаза болған, 3 миллионға жуығы тұтқынға түскен. Ал қанша бала-шаға, кемпір-шал, әйелдер қаза болды?

Бұл жан түршігерлік соғыс болды, өкінішке орай ол көптеген отбасыларға көз жасын әкелді, бірақ КСРО біртіндеп аяғына тұрды, соғыстан кейінгі әрекеттер басылғанымен, адамдардың жүрегіндегі соғыс салған жара әлі күнге дейін сыздайды. Әйелдер жесір, балалар жетім қалды.

КСРО-ға қарсы соғыс жоспарларын әзірлей отырып, фашистер елдің шығыс аудандарында Түркістан мен Идель-Урал рейхскомиссариаттарын құруды жоспарлаған. Оған Қазақстан, Орта Азия, Татарстан, Башқұртстан, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Шыңжаң, Ауғанстанның солтүстік бөлігін кіргізу көзделген. КСРО аумағында отарлық типтегі қуыршақ мемлекеттерді құру, олардың халықтарын құлға айналдыру - бұл әлемдік үстемдікті орнату жолындағы гитлеризмнің жоспары болды. Алайда бұл жоспарлары жүзеге аспады.

Қазақстанның көпұлтты халқы кеңес халқының неміс-фашистік басқыншыларымен күресіне лайықты үлес қосты. Әскерге 1 млн.196 мың 164 қазақстандық шақырылды; негізінен “арнайы қоныс аударушылардан” тұратын еңбек армиясына - 700 мыңнан астам адам, яғни республиканың әрбір төртінші тұрғыны майданға және қорғаныс өнеркәсібіне жіберілді.

Қазақстан аумағында 12 атқыштар және 4 кавалерия дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ге жуық жеке полктар мен батальондар құрылды. Әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам қазақстандық жіберілді.

КСРО-ның еуропалық бөлігінің басып алынуымен Қазақстанның эвакуацияланған адамдар мен кәсіпорындарды орналастыру базасы ретіндегі рөлі артты. 1941-1942 жылдары республикаға КСРО-ның батыс аудандарының

532 мыңнан астам тұрғыны және 970 мыңнан астам репатриацияланған поляктар мен репрессияға ұшыраған немістер көшірілді. 1944 жылы оларға Солтүстік Кавказ бен Қырымның (калмақ, қарашай, ингуш, шешен, татар, гректер, болгарлар, месхетин түріктері, балкарлар, армяндар және т.б.) өз отандарынан мәжбүрлеп көшірілген 507 мың халқы қосылды.

Республика экономикасы әскери рельестерге ауыстырылды. 1941 жылдың күзінде Украина, Белоруссия, Ленинград және Мәскеу кәсіпорындары Қазақстанға көшірілді. Украина республикаға 70 - ке жуық, Мәскеу-40-қа жуық зауыт, фабрика, электр станцияларын, механикалық шеберханаларын көшірді. Қазақстанға барлығы 220 фабрика, зауыт және артель келіп, өнім шығара бастады.

Алматы, Орал, Петропавл, Шымкент, Семей, Қарағанды, Ақтөбе эвакуацияланған зауыттар мен фабрикаларды орналастырудың негізгі аудандарына айналды. Республиканың жұмысшы табының қатарына 3200 кенші, 2000 Донбасс шахтасының құрылысшылары, Воронеж және Луганск қалаларынан 2000-ға жуық машина жасаушылар, елдің орталық аудандарынан 7 мыңға жуық инженерлік-техникалық мамандар қосылды.

Соғыстың алғашқы күнінен бастап Қазақстан майданның басты арсеналдарының біріне айналды. 1942 жылдың өзінде республика бүкілодақтық қорғасын балқытудың 85% - дан астамын, 90% мысты, жалпыодақтық көмір өндірудің 1/8% - ын, елде өндірілетін молибденнің 60% - ын, мыстың 30% - ын, полиметалдардың 70% - ын берді.

Соғыс жылдары Қазақстан Елге 4829 мың тонна астық, 1193 мың тоннадан астам қант қызылшасын, 600 мың тонна ет берді. Сонымен қатар, республиканың малшылары Қызыл Армияға 110 мың жылқы берді, бұл 10-нан астам кавалерия дивизиясын жабдықтауға мүмкіндік берді.

Қазақстанның жұмысшылары жеке жинақтарынан қорғаныс қорына 1 млрд.рубльден астам қаражат салды, майданға 2 млн. астам жылы зат, сыйлық тиелген 1600 вагон жіберді.

Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысының барлық шайқастарына белсене қатысты. Жаудың алғашқы соққысы шекарашыларға тиді, олардың қатарында үш мыңға жуық қазақстандық болды.

Мәскеу үшін болған шайқастарда генерал И. Панфиловтың басқаруындағы атақты 316 атқыштар дивизиясы үлкен рөл атқарды. Дубосеково развезіндегі неміс танктерін тоқтатқан 28 панфиловшының ерлігі бүкіл әлемге аян.

Жау шебіндегі партизандық қозғалыс халықтың өз тәуелсіздігі мен бостандығын қорғауға дайын екендігінің жарқын көрінісіне айналды. Партизандық қозғалысқа жалпы саны 3,5 мыңнан астам қазақстандық қатысты.

Соғыс жылдары 497 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды, олардың төртеуі - екі рет, 142 адам Даңқ орденінің толық иегері.

Аталарымыздың ерлігі жадымыздан мәңгілік өшпейді.

«e-history.kz» порталынан алынды.

ДЕНЬ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА

ОЛИЦЕТВОРЯ ИДЕЮ МИРА, СОГЛАСИЯ И ДРУЖБЫ

День единства народа Казахстана – один из ярких и значимых праздников в стране, ежегодно отмечаемый 1 мая. Олицетворяя идею мира, согласия и дружбы между более чем ста этносами, проживающими в республике, этот день стал не просто датой в календаре, а важнейшей частью политики Казахстана по укреплению межнациональной стабильности. Известно, праздник пришел на смену советскому Первомаю, учрежден в 1996 году и получил новое содержание, акцентируясь на культурном разнообразии и народном единстве. Главной формой празднования является масштабный фестиваль, который проходит во всех регионах, городах и селах, когда центральные площади и залы превращаются в яркие художественно – концертные пространства, с представлением здесь традиций, самобытной культуры этносов страны. В рамках фестивалей можно увидеть национальные костюмы и ремесла, попробовать

блюда национальной кухни, насладиться программой с песнями и танцами, сообща принимать участие в праздничных мероприятиях. В основные цели проводимых мероприятий входит способствовать формированию и сохранению казахстанской идентичности, следовать важному послылу «разные, но равные», где каждая культура ценится как часть единого общества.

Подобный весенний яркий фестиваль состоялся в канун Дня единства в районном Доме культуры, собрав в зале сотни жителей и гостей райцентра. В фойе посетителям предстали выставки, подготовленные сотрудниками организаций: красочные книги и других изданий, посвященных 1 мая, а также вкусных блюд казахской кухни. Главное действо, безусловно, развернулось на сцене, где особое место занимали концертные выступления, которые и превратили праздник в настоящий культурный диалог. Ведь здесь можно было увидеть



разнообразие танцевальных, музыкальных и вокальных традиций. В этот день перед публикой предстали казахские народные танцы, живая музыка на домбре, отражающие ритмы Великой степи и кочевую самобытность, русские пляски и хороводы, создающие атмосферу общности и вовлекающие зрителей в хорошее настроение, узбекские и уйгурские танцы, что отличаются эмоциональностью, динамичностью и выразительной пластикой рук. Увидели собравшиеся корейский, татарский, турецкий танцы, исполняемые как традиционно, так и как современные композиции. Прозвучали на сцене и мелодичные и патриотичные песенные произведения, демонстрируя богатство культур народов Казахстана. Программа была подготовлена работниками Дома культуры и этнокультурными объединениями, детскими и молодежными ансамблями и группами, что подчеркивает преемственность поколений, духовного на-

следования народностей под общим казахстанским шаныраком.

День единства – праздник, напоминающий нам о важности сплоченности, уважения друг к другу. В этот день чувствуются люди, которые своим трудом, активностью и преданностью вносят вклад в развитие общества, укрепление единства между народами, между поколениями. Особое внимание уделяется тем, кто ежедневно работает на благо других. Среди жарминцев, кого чествовали и выразили благодарность за их деятельную гражданскую позицию, жизнелюбие и многолетний труд в различных сферах деятельности были Надежда Болт, Лариса Тогызбаева, Галина Муздыбаева, Ольга Акпарова, Михаил Квач, Ольга Падалко, Татьяна Скрипко, Алла Тайманова, Галина Карпуша, Радлана Иванова, Галина Кашникова, Татьяна Гридасова, Людмила Фейст и другие.

ДЕНЬ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ

ИСТОРИИ ВЕТЕРАНОВ – В ФОТОВЫСТАВКЕ АРХИВА



Фотовыставка архивных документов ветеранов Великой Отечественной войны и труда, приуроченная ко дню Победы – это не просто культурное событие, это момент сохранения исторической памяти. Экспозиции, подготовленные архивистами, объединяют подлинные свидетельства периода военного времени и мирной жизни – фотографии, письма, личные дела, наградные листы и другие документы, позволяя современному человеку прикоснуться к живой истории. Многие из этого бывает ранее не представлено широкой публике, когда можно увидеть редкие фотоснимки военных лет: портреты солдат перед отправкой на фронт, сцены боевых будней, моменты редкого отдыха на передовой. Ценными являются личные документы воинов. К ним относятся сохранившиеся письма с фронта, написанные простым карандашом на пожелтевшей бумаге, где строки раскрывают внутренний мир солдат гораздо глубже любых официальных сводок, наградные книжки и личные дела, что дают возможность проследить боевой путь бойцов, узнать о славных подвигах, за которые они были отмечены правительством.

